

Жаңа жылдарыңызбен!

ЖАРКЕНТ





№24 (68),
28 желтоқсан,
сейсенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru

Айнаса

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН ҚАРАМЕНДІ БИ



Белгілі ғалым, шығыстанушы, профессор Ислам Жеменейдің «Кез келген ел өзінің тарихын зерттеуде үш дерекке жүгінеді. Олар: археология, жазба дерек және фольклор» (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ауыз әдебиеті...) деген пікірін қолдай отырып, біз өз зерттеуімізде осы ұстанымға сүйенгенді жөн санаймыз. Өйткені, біздің бұл зерттеуіміз көбіне жанама және ауызша деректерге (Ауызша дерек деген ұғымды танымал шығыстанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Әбусейтова айтқан еді) негізделуге мәжбүрлейді. Бұлай дейтініміз, тарихшы ғалымдардың айтуынша, жалпы қазақ тарихында көмескі тұстары көп ел – Суан елі болса керек. Оны белгілі тарихшы Т.Омарбеков өзінің «Қазақтың шығу тегі» атты зерттеуінде: «Тарихында көптеген

жұмбақтар бар қазақ тайпаларының бірі – Суан» деп айтады. Сондай-ақ, Қараменді бабаның би болуы туралы жағдайына теориялық-әдіснамалық негіздің де бар болғанын, оның адамзаттың тарихи қажеттілік заңынан туындауы да зайыр болған. Оны, мәселен, «Төле би тарихы» дастанында қазақ даласындағы хандық дәуірдің саяси-тарихын сипаттай келіп, поэзиялық стильмен өрліген: «Басшылық етіп тұрға билердің болды керегі» деген жолдармен және Қойшығара Салғараұлының айтуынша, қазақ даласындағы билер билігі сонау Тәуке хан тұсында ұлттық-тарихи мүддеден бастау алған: «Қазақ жүздерін іс жүзінде өздерінің ортасынан шыққан билерге... басқартты» деген тұжырыммен де дәлелдеуге болады. Аталмыш мақалада

басты мәселе Қараменді бабаның Суан елінің алғашқы биі болғаны туралы ой желісі болмақ.

Осы контексте, біз өзіміздің тікелей бабамыз Қараменді би Мұратұлының Қазақ хандығы тарихындағы саяси-әлеуметтік орны мен рөлін ұрпақтық парыз тұрғысынан алғаш рет зерттеу мақсатын көздейміз. Нақтырақ айтқанда, жазба деректерде: «Қараменде – (Қараменді – Д.С.) өз заманындағы соғыс өнерін игерген ірі әскер қолбасшысы, әрі суанның тұңғыш биі, әйгілі батыр» [Оскенбай Әуесхан Рақымжанұлы. Қараменде шежіресі. – Алматы: «Асыл кітап», 2018. -200 б. (16 б.)], – деп көрсетіледі.

(Жалғасы 4-5 бетте)

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Гияс ЕСЕНБЕРЛИН

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТОҚСАН ЖЫЛ

Тарих біздің істеріміздің өткенінің күәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы. Тәрбие мен білімнің бесігі болып табылатын мектеп-ана қай кезден-ақ жас ұрпақтың бойына ең асыл қасиеттерді қалыптастырып, оның тұлға болып қалыптасуына, білім алып, жан-жақты болып өсуіне күш салып келеді. Еліміздің тұтқа ұстар болашақтарын тәрбиелеп, олардың рухын көтеріп, оң бағыт беріп келе жатқан білім ошақтарының бірі Панфилов ауданындағы киелі қарашаңырақ. Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектеп – өзіндік терең тарихы, бағыт-бағдары бар, тағылымы мол білім шаңырағы.

Мектептің биылғы 90 жылдық мерейтойы – Ыбырай атамның 180 жылдық тойы мен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тұспа – тұс келіп отыр. Мектеп тойы – барша қауымның тойы. Ендеше, мерейлі той құтты болсын!

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестің, әлеуметтік тұрақтылық мен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Осыған орай бұрынғы мәдени тәжірибені жеткізуге бағытталған, жеке адамның қызығушылықтарынан мемлекеттік мүддені жоғары қоятын білімнен адамның өзін танымның биік баспалдақтарына қарай жетектеп отыратын «өмір бойы» алатын білімге бағытталу жүзеге асырылуда.

«Миуалы ағашқа барлығы қарайды» дегендей елімізге танымал мектептен талай қазақ зиялылары білім алғаны белгілі. Осындай алтын ұяның тарихына үңілсек, 1931 жылы Жаркент өңірінде қазақ тілінде оқытып – тәрбиелейтін мектептердің тұңғышы болды, кейіннен мектеп жанынан интернат ашылды.

1938 жылы 7 – сыныпты тұңғыш рет 8 оқушы бітіріп шықты. 1934 жылы құрылған мектеп жанындағы интернат 1986 жылға дейін ауданымыздың түкпір – түкпірінен келген ауыл балаларын қамқор құшағына алып, білім – тәрбие алуына жағдай жасады. 1950 жылы ашылған ұйғыр орталау мектебі, осы мектептен бөлініп шығып, қазірде ол Х.Хамраев атындағы мектеп болып отыр. 1950 жылдан бастап ауданымыздың экономикасы қалпына келе бастады. Оқушылардың саны өсіп, мұғалімдер ұжымы ұлғайды, 4 сынып бөлмесі салынды. 1957 жылы мектебімізге халқымыздың данқты перзенті, тұңғыш педагогі Ы.Алтынсарин есімі берілуі мектеп тарихындағы айтулы оқиға болды. 1964 жылы сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сейдәлім Тәнекеевтің бастамасымен 520 орынды жаңа мектеп пайдалануға берілді. 150 орындық бюджеттік және 50 орындық пансиондық интернат қосылды. 1970 жылы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозы 4 сынып бөлмесі бар бастауыш оқу корпусы, 3 шеберхана, бірнеше бөлмелі шаруашылық қоймаларын іске қосты. 1981 жылы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының №2 бригадасында ашылған 8 жылдық мектепке 240 оқушы бөлініп шықты.

(Жалғасы 3-бетте)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХ КОДЫ

Мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздіктің кадр-қасиетін толық ұғыну үшін әлем тарихы мен адамзат тәжірибесін үздік игеру жеткіліксіз. Оны бодандықпен жаншылғандар, отарлық қанау мен қорлауды өз басынан өткергендер санасымен, жүрегімен, әрбір клеткасымен сезінеді, ұмытпауды ұрпағына аманаттайды. Тұмар ханым, Зарина, Шырақ жайлы сақ заманынан жеткен аңыздар, Күлтегін тасындағы елін, жерін, қағанын іздеген жазулар, Абылай мен Кенесары хандардан қалған мәңгілік ұлағат, кеңестік Қазақстандағы қуғын-сүргіннің соңғы құрбаны Қ.Рысқұлбековтің өлімді қасқая қарсы алуы тәуелсіздікті бәрінен қымбат санағандықтан өмірге келді. Бәрі салыстырумен танылады деген қағида бар. Менің құрдастарым мен ағаларым тәуелсіздіктің 30 жылын оның алдындағы 60-70 жыл үрдістерімен,

зердеден өше қоймаған көргендерімен салыстыруға толық хақылы. Сонда қапысыз ұққанымыз: мемлекет пен оның әрбір азаматы жат қолына жалтақтамай, өзі қабылдаған заң аясында еркін де емен-жарқын өмір сүре алса, тәуелсіздік дегеніміз – осы.

Тәуелсіздік – еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін мейірі қанбайтын мәңгі құндылық. Ол қай саладағы болмасын қажеттілік пен мүмкіндікті ұлттық және мемлекеттік мүдде биігінен, бәсекелік ізденіспен дәлме-дәл анықтауға, сұранысқа сай шешім мен іс-шараны қабылдауға, жалған ұраншылықтан ада құлшынысқа жетелейді. Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде қол жеткен табыстарымыз әлемге аян. Кешегі Мәскеудің билігі жүріп тұрса, бұлардың оннан бірі ақиқатқа айналмас еді. Ал солардың бастау-бұлағын, тобықтай түйінін айтар болсақ, олар,

біріншіден, отарлық және тоталитарлық дәуірлерден қордаланып қалған қарыз бен парызды қайтарғанымен, екіншіден, азаттықтың арқасында туған баға жетпес мүмкіндікті нақты нәтижеге айналдыра алғанымыз. Айғақ-дәлел ретінде Елорданың Алматыдан Нұр-Сұлтанға көшуін, ядролық қарудан ерікті түрде бас тартуды, Азиялық кеңестің дүниеге келуін, қандастарымыздың тарихи Отанына оралуын, президенттік билік институты мен парламентаризмнің қалыптасуын, мемлекеттік шекарамыздың халықаралық талаптар деңгейінде бекемделуін, «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» стратегияларын бөле-жара айтуымыз керек. Бұлар Қазақстан жолы мен жаңашыл жасампаздықтың басы ғана. Алда асқаралы міндеттер тұр.

(Жалғасы 2-бетте)

(Басы 1-бетте)

Иә, «қарыз бен парызды қайтару» сөз тіркесін бекер қолданып отырған жоқпыз. Тәуелсіздік өткен күндерді, уақытты қайтара алмайды. Бірақ солардың ақиқатына жетуге, жақсы мен жаманды айыруға жол ашатыны сөзсіз. Бейнелеп айтар болсақ, қазақ тарихында бүктемде қалған ақтаңдақтар саны бір тоғыз десек, үйірімен үш тоғыз кеңестік тоталитаризм еншісінде. Ұлы даладағы ашаршылықтар, қуғын-сүргін, соғыс шығындары, демографиялық, экологиялық апаттар, ұлттық-тілдік драмалар, әйгілі тұлғаларымыздың қасіретті тағдыры әзірше әділ бағасын алып болған жоқ.

Зорлық-зомбылыққа біздің халық жер бетінен жоғалып кетпеуі үшін қарсылықпен, ұрпағының болашағы үшін жасампаздықпен жауап берді. Олай болса, тәуелсіздікпен қилы-килы байланыста өрілген, беймәлім қырлары ашылу үстіндегі сарқылмас қазынамыз – ұлттық тарихымыз. Бұлар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды деген сөз емес бұл. Мемлекетіміз немесе тәуелсіздігіміз болмаған ғасырларда да тарих дөңгелегі айнала берді, тарих қозғалысы тоқтаған жоқ. Отандық тарих ғылымы өткеннің баяны сақтауда талай қиыншылықтарды жеңе отырып, азды-көпті табыстарға жетіп жатты. Ресейге бодандықты қабылдаған XVIII ғасырда қазақтың ауызша тарихы толыққаны рас. Ағартушылыққа аяқ басқан Еуропада тарих ғылымы қоғамдық еңбек бөлінісінің беделді саласына айналды. XIX ғасырда Шоқан, Абай, Ыбырайдың тарихи шығармалары жазылды. XX ғасырда ұлттық тарих ғылымы кеңестік нұсқада қалыптасты. Тәуелсіздікке дейін жазылған монографияларда, энциклопедияларда, тіптен оқулықтарда төл тарихымыз төрт аяғынан тең тұрды дей алмаймыз. Әсірелеу де, адасу да, бұрмалау да бар. Ең ауыры – «Қазақстан тарихы» атауымен топтастырылған сол интеллектуалды әлем ұлттық тарихты түзуші қазақ халқымен, бірен-саран шығармалары болмаса, қауыша бермеді. Себеп біреу: революцияға дейінгі кезеңде ұлт пен ұлттық тарихты тұтастықта және бірлікте жазуға бағышталған мемлекеттік саясат та, практика да болған емес, кеңестік дәуірде тарихқа материалистік көзқарас ұлықталып, қазақ қазақтың жартылай өтірік, жартылай шын тарихын оқуға, зерттеуге, насихаттауға мәжбүрленді. Халық төл тарихын бірде таныса, бірде танымаған ортада ұлттық код жойылмағанмен, әлсірейді екен. Ал ұлттық тарихтың коды мүлде күн тәртібіне қойылмайтынының тірі куәсіміз.

Демек, тәуелсіздігі жоқ елде тарих әділ, кемел, дұрыс жазылмайтыны, тәуелсіздік барда ғана тарихи ақиқат салтанат құратыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Біздіңше, мәселенің мәнісі мынада: бірі – тарих дегеніміз аса күрделі нысан (объект) екені, екіншісі – оқиғаларға, өзгерістерге толы сол нысанды тануға, кәдеге жаратуға, зерттеуге, сөйтіп, интеллектуалды әлеуетті тасушылар (субъект) әлем екені. Екі өлшеммен жүйеленгенде де тарихтың өзін, тарихты түзушінің коды барын мойындауымыз керек. Әрбір халықтың өмір салтында, тілінде, әлеуметтік қатынастарында, саяси қатысуында өзгелерден ерекшелеп тұратын мәнді белгісі – коды болатыны айдан-анық. Ендеше, ұлттың тарихында да бірлік пен бірегейлігін паш етуші коды бар. Біз бұл жерде код терминін тарихтың объектісі мен субъектісі жазбай тануға шылбыр ұстататын ақпараттарды және нышандарды топтастыру ниетімен қолданып отырмыз. Мәселен, қазақ тілі, домбыра, Елім-ай, Сарыарқа, қошақан, Жеті жарғы, жеті қазына, нағашы-жиен, немере-шөбере, бойжеткен, қалыңмал деген сөздер құлағымызға жеткеннен қазақ ортасына енгенімізді бірден ұғамыз. Кейбір ұғым-түсініктер жекелеген өңірлерге тән. Оларды қалың қауым білмесе де, мамандар бірден байқайды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХ КОДЫ



Сонымен, айтайын дегенім, Қазақстан тарихының қай дәуіріне болмасын мазмұнын, ерекшелігін ашатын, тірек болатын, код функциясын атқаратын ұғым-түсініктер жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Кешегі коммунистік билік бұл міндетті мүлтіксіз атқарды. Феодализм, капитализм, қанаушы, тап күресі, революция, жаңа экономикалық саясат, социалистік құрылыс, ұжымдастыру, тың игеру, коммунизм, КОКП деген тірек сөздер естілген сәтте қандай ғасырлар, оқиғалар, тұлғалар, тапқанымыз бен жоғалтқанымыз ауызға алынатынын біле қаламыз. Бұған мектеп оқулығы ғана емес, кеңестік БАҚ, ономастика, әдебиет пен өнер – бәрі жұмылдырылды.

Ал бізде ше? 30 жыл ішінде ұлттық тарих кодын қалыптастыру ісінде не бітірдік? Қазақ тарихшылары ішінен бұл мәселеге ең жақын келген ғалым – Манаш Қозыбаев. Ұлттық код пен тарихи кодтың атын атамаса да, түсін түстей алғаны 2001 жылы жарияланған «Жұлдызым менің» кітабынан тайға таңба қандай көрініп тұр. Онда былай делінген:

«Тарих – Отаныңның, ата-бабаңның ғасырлық арман жолы;

Тарих – Отаныңның басына күн түскендегі ойран жолы, оны қорғау жолы;

Тарих – Отаныңның, халқыңның қалыптастырған ата-салты;

Тарих – халқыңның ғасырлар бойы қалыптастырған этностық аумағы;

Тарих – әрқайсымыздың ата-бабамыздың бұл күні табиғатқа қосылған сүйегі мен аспанда ұшып, бізді әруақ болып құшып жүрген рухы».

Келер жылдың басында қасиетті ғылым – тарихпен қоштасып, мәңгілік сапарына аттанып кете барды. Ұлттық тарих кодын апаратын ізденіс жалғаспай қалды. Тарих баяны, отандық ғылым мен білім жүйесі әлі үдден шыға алмағаны құпия емес. Тарихи жадымыз бен санамызда, тарихи танымымыз бен көзқарасымызда олқылық пен жүйсіздік тұнып тұр. Күлтегін мен Тоныкөк замандарындағы «тілді, хабаршы, құпия сөз иелері» қандай мемлекеттік қызмет атқарғанын қалың көпшілік білмейтінін былай қойғанда, XVI ғасырдағы Мамаш, Таһир, Тоғым хандардың атын естімегендер, Қобыланды батырды Қабанбай мен Бөгенбай батырлардың қарулас серігіндей қабылдайтындар жетіп артылады. Әлеуметтік сауалнамалар Д.Қонаевты, М.Әуезовті т.б. тұлғаларды танымайтын жас ұрпақ пайда болғанын көрсетті. Бұл тарихи жадымыздың жұтандығы. Жады қандай болса, сана да сондай. Айталық, осы жасқа келгенше ақсақ Темір есімді бірде-бір қазақ баласын қалада да, ауылда да көрген емеспін. Ал Тамерландар қаптап жүр. Парсышадан тәржімалағанда мағынасы ақсақ Темір екенін ұрпағына азан шақырып есім берген ата-анасы білмеген ғой. Жады мен санадағы олқылықтар әлі талай «қызыққа» кенелтеді. Ұлттық және тарихи коды дұрыс адам ана тілінен, халқының салт-дәстүрінен, бабалар мұрасынан жери ме? Әрине, жоқ.


білу мүмкін емес», – деп дәйектесе, профессор С.Өтениязов бұған мүлде кереғар ұстанымды алға тартады: «... Землей наших предков управлял не хан, а институт биев, то есть родоначальники – самые авторитетные в народе люди, представляющие 41 казахский род. Государство, будем так говорить, в «Казахском ханстве» зависело от родоначальников и полностью ими же исполнялось. То есть фактическим руководителем здесь был институт биев».

Қысқасы, хандық билік институты ұлттық тарихымыздың және өткенге көзқарасымыздың коды түгілі, маңызды буынына айналмай тұрғанда Орта ғасырлар мен Жаңа замандағы (V-XX ғасыр басы) тұлғаларымызды, белестер мен құндылықтарымызды егжей-тегжейлі кімге ұғындыра аламыз?!

Біз үшін XX ғасырдың басты оқиғасы – тәуелсіздіктің жариялануы. Ұлы күнге үміт оты сөнуге шақ қалғанда жеттік. Оны жақындатқандар, қазақ қоғамын оятқандар – желтоқсаншыл жастар. Сын сағатында тәуекелмен легитимді бекемдегендер – аға ұрпақ өкілдері. Бірақ ұзақ жылдар бойы коммунистік мазмұнда сугарылған білім мен тәрбие, идеология мен насихат ізі қоғамдық санадан өшпей тұр. Қазақстанның кез келген елді мекеніне барсаңыз, кеңестік заманнан қалған атаулар, мұралар лек-легімен алдыңыздан шығады. Коммунизм кетті. Коммунистік идеологияның жаны әлі сірі. Себебі тарихи санамыз бен танымымыз толық жаңғырмаған күйде қалауда. Оның сорақы көрінісі мектеп оқулықтарындағы өрескел қателіктер. Бұл туралы БАҚ беттерінде айтылудай айтылды. Қоғам алдындағы әлеуметтік-кәсіби жауапкершілігін сезінбейтін біраз тарихшылар әріптесінің жазғанын көшіріп алуға дейін барғанын ақтау еш мүмкін емес. Ресейлік ғалым Қазақстанда жарияланған бір еңбекте ортағасырлық түркілер огнеметпен аспаннан оқ жаудырғанын әжуалап жазыпты. Ұлттық тарихтың коды қалыптаспады деген сөз осыдан шығады. Тап қазір ұлттық код мәселесін шешуге ешқандай бөгесін жоқ. Саяси қысым, идеологиялық өктемдік, «измдердің» шеңберінен шықпау шарты, үлкен ағаның қас-қабағына жалтақтау келмесе кеткен. Тарихшы ғалымдардың сайрайтын да жайнайтын күні туды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған осындай сәтте ұлттық тарих кодын түзуге адастырмайтын жол – оның методологиялық негіздерін жүйелеу. Методология ғылымның басты миссиясы жаңалық ашуды, ақиқатты айтуды қамтамасыз ететін танымның биік сатысы.

Ұлттық код пен төл тарихымыздың коды арудың арқасындағы қос бұрымдай жараса өрілгенде, тәуелсіздіктің жасампаз әлеуеті арта түсетіні күмән-күдіксіз ақиқат.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі,
anatili.kazgazeta.kz



(Басы 1-бетте)

1986 жылы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының орталығы Жастар қалашығында ашылған орта мектепке 270 оқушы және 200 орындық интернат мектебімізден бөлініп шықты. 2007 жылы мектеп күрделі жөндеуден өтіп, жаңа үлгіде жабдықталды. Бұрынғы 520 орындық ескі ғимараттың жанынан 2010 – 2011 оқу жылында 450 орындық жаңа ғимарат салынып, іске қосылды

Білім мен білікті тең ұстап, мектептің алға жылжуына орнықты үлес қосар жанның бірі – мектеп басшысы. Бір адамның ғұмырына тең келер уақытта білім ордасын бірнеше ұстаз басқарған. 1931 жылдан бастап бұл мектепте Рақымжан Керімбеков, А.Ғаппаров, Ш.Мусаев, Қасым Ибрагимов, С.Батырбеков, Фаузия Шәкірбаева, Роза Усманов, Ыдырыс Қасенов, Бек Әбітаев, Закира Ахметжанова, Қинаш Майпасов, Жаксыбай Исаев, Жұмагүл Оңалбаева, Нұрғайша Шайдильдинова, Раева Балқия, Күміс Жакыбаева, Раушан Тазабекова сияқты директорлар басшылық етті. Мектеп басшыларының ішінде 1954 – 1987 жылға дейінгі 33 жыл бойы мектебімізді басқарған, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Панфилов ауданының «Құрметті азаматы», ұстаздардың ұстазы Жаксыбай Исаевтың еңбегі ерекше.

Ал олардың орынбасарлары болып: А.Талипов, Ж.Байбеков, Р.Ибрагимов, Р.Абдулхайров, К.Бусақов, Қазақ ССР-не еңбек сіңірген мұғалімі Загира Нүсіпбекова, Мұхаметшар Сұлтанбеков, Молдраш Қонырбаев, Әбдіманап Әдісбеков, Қожамберді Байшалов, Қантай Рысақова, Сәрсек Әшімов, Нұрғалым Тұрғанов, Бекмырза Түлкілеев, Құсан Бектенов, Әсет Ботанбаев, Жұмахан Ауғанбаев, Сағымбек Үшбаевтар абыроймен қызмет істеді. Ал бүгінгі таңда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Назгүл Тұрғанбаева, Назира Қашқынованың, директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Зууре Аманбаева, Бибігүл Байғонысова, Багила Мыңжанова, Үкілім Мұратбаеваның еңбектерін де айта кетуге болады.

Ал директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып Тоқтарбек Идрисова, Мырзабекова Роза, Райхан Құтлықова, Қаракөз Карбузова, Гүлнәр Абдықаримова Гүлнәр, Матенова Берен, Маринова Арайдың мектеп тарихына сіңірген еңбегі орасан зор.

Бұлардың барлығы да еселі еңбек етіп, өнегелі тәрбиесімен мектебіміздің

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТОҚСАН ЖЫЛ



Райхан Құтлықова, Нейля Тойболова сияқты ұстаздардың еңбегі бір төбе.

«Өз ұлын, өз перзентін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп Ілияс айтқандай, кешегі ізі қалған ел ағаларының есімдерін жаңғыртып қана қоймай, туған жерге еңбек сіңірген, дарын-даралығымен ел мақтанышына айналған азаматтарды ардақтай білу баршамыздың парызымыз емес пе?

Содан бергі жылдарда, білім ордасында көптеген білімді де тәжірибелі ұстаздар еңбек етті. Олардан дәріс алған шәкірттер білім-ғылым, өнеркәсіп, мәдениет салаларын тандап, орта, арнаулы, жоғары білім алды, бірқатары ауданның, облыстың, республиканың көлемінде еңбек етті. Атап айтар болсақ, мектепті бітірген түлектеріміздің ішінде қан майданда ерлік көрсеткен Кеңес Одағының Батырлары Хамит Көбіков пен Сулығы Лутфуллиндердің болғандығы – мектеп үшін үлкен мақтаныш. Социалистік Еңбек Ерлері Әбілмәжін Қасымбеков, Мәриям Ниязова, саясаттану ғылымының докторы, белгілі қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, экономика ғылымының докторы, профессор Нұрғали Хамитов, экономика ғылымының докторлары Закир Янтижанов, Қожахмет Керімбеков, медицина ғылымының докторлары Шакен Шынтаев, Қожақан Шақенов, Кеңес Одағына еңбегі сіңген

Бақытқалиды, Премьер Министрдің секретариат менгерушісінің орынбасары, елші Асанов Жандос, педагогика ғылымының кандидаты Қожамқұлова Жазира және бүкіл дүниежүзіне еліміздің атын шығарған Бейжің Олимпиадасының күміс медаль иегері Нұрбақыт Теңізбаевтың біздің мектебіміздің түлегі екендігін мақтан тұтамыз.

Әрине, мектеп осы ұстаздарымен, шәкірттерімен абыройлы.

Ел болашағы – білімді ұрпақтың қолында. Білімімен көзге танылған оқушылар мектебімізде аз емес. Олар «Алтын» медаль иегерлері Айдархан Нарбеков, Асия Отарбаева, Қарлыға Қожаханова, Раушан Шынтаев, Сарабүбі Нұрсейітова, Зиягүл Баракова, Рыхангүл Абдулақимов, Гүлзия Абдибапов, Шахибан Сабитов, Гүлнар Жапарқұлова, Сымбат Сариков, Алия Келмұханбетова, Гүлжанат Бекмұхаева, Асия Идрисова, Нұрлан Ысқақов, Гүлмира Жолтаева, Ақмарал Карбузова, Бибігүл Есіркеева, Гүлнәр Үстенова, Құралай Карбузова, Ибраимов Бақытқали, Ақмарал Сәтбаева, Ә.Сарпекова, Г.Қозбекова, А.Көптемісова, Е.Алайдаров, Ф.Баубекова, Н.Рахимжанова, А.Жақиева, А.Кеңесбаев, Аяулым Муса, Арайлым Муса, Жансая Әуезбек, А.Абдулалова, А.Еркінқызы, А.Исаева, А.Құсайынова, Азиза Қастеева, Аружан Үстенова, Гүлнәр Заирова, Ақпейіл Әмірғазы, Динара Маликова, Адемі Есіркеева, Аружан Рғалбек, Арайлым Мұғалімхан, Расул Адылжанов, Қымбат Бактыбаева, Зайнапбуви Садықова, Шұға Әдепхан, Софья Тен, Інкәр Әмірғали, Камила Сайдахметова, Абылай Манарбек, Ақерке Құрманжанова, Айдана Бектемирова, Ақбота Қыдырбек, Сымбат Мусрепова, Малика Нурпейсова, Эльдана Көпбай, Айгерім Рахимжан, Аружан Тохтарбай, Айзере Тұрлығожа, Әсет Адамжан, Аружан Хамит;

Күміс» медаль иегерлері Шолпан Әлімжанова, Толик Тойбеков, Дәулет Смағұлов, Ғабдулла Байнәсеров, Тұрысбек Әлпейісов, Ергали Сәбденбеков, Нұрдіәулет Сарсебаев, Жандос Асанов, Ляззат Асанова, Нұрлан Үстенов, Анар Бошенова, Дәурен Ешмұхаметов, Сәбит Рамазанов, Қуаныш Ботанбаев, Айгүл Нақысбекова, Жазира Қожамқұловаларды құрметпен атаймыз.

2020-2021 оқу жылы жаһандық пандемия кезеңімен есте қалды. Кеңінен белең алған пандемия бүкіл әлемнің білім беру жүйесі үшін ауыр сынаққа айналды. Алайда қашықтан білім беру үшін әлем бойынша оқытудың балама түрлері ойластырылды. Айтар болсақ, елімізде «Daryn.Online», «BilimLand» интернет-платформалары және «Күнделік» жүйесі, басқа да оқу бағдарламасына сай видеосабактар, телебағдарламалар, оқу жүйесін сапалы жүргізуге септігін тигізді. Осындай жағдайға қарамастан түрлі онлайн байқаулар, қашықтық сабақтарда ұстаздарымыз бен шәкірттеріміз жарыстарға қатысып, нәтижелі орындар алды. Атап өтсек, әр түрлі оқушыларға арналған республикалық олимпиадалар, байқаулар, конкурстарға біздің мектептен 40-қа жуық

оқушы қатысып, жүлделі орындар алып отыр. Мектебіміздің 32 оқушысы «Егемен елдің ертеңі» Тәуелсіз Қазақстандағы дарынды балалардың республикалық энциклопедиясына енгізіліп, кітапқа шығып отыр.

Онлайн оқыту – бұл білім беру жүйесінің ғаламдық жаңа беталысы. Елдегі жалпы карантиндік жағдай біздің мектептегі ұстаздар үшін де сынақтан өтудің, әрі осы бағыттағы жетістіктерді көрсетудің де жақсы мүмкіндігі болды.

Талағай табыстарға, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп келе жатқан еңселі білім ордасының мерейтойға бағдарлаған міндеттері де, жопарлары да мол. Аталған іс-шара мектеп әкімшілігінің басшылығымен ақпан айында шығармашылық топ, бірлестік жетекшілер жауапкершілігімен басталып та кетті. 2-11 сыныптар арасында ардагер ұстаздармен кездесу, «Дара тұлға» мектеп тарихы, мектеп түлектері жайлы YouTube каналда деректі фильм жариялау, «Беделі биік білім ордан!» эссе жазу конкурсы, «Мектебімізмен мақтанам» бейнероликтер сайысы, «Үздік оқырман-2021» оқырмандар сайысы, «Алтын ұям – мектебіміз» түлектер челленджі, «Тарихтан тағылым, өткенге тағзым» мектеп мұражайы тарихына саяхат, түлектер аллесаы, «Жыл мұғалімі-2021», «Үздік жыл сынып жетекшісі», «Жас ақындар» мүшәйрасы, спорттық жарыстар, турнирлер, тәрбие сағаттары мен бұрыш ұйымдастыру жүзеге асырылуда.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы ішінде жетістіктерімізді бағамдап, болашағымызға бағыт сілтеп әлемдік кеңістіктегі биік белестерге жетелеген, Елбасы саясатын жүзеге асыру біздің мұғалімдердің қасиетті парызы. Біздің басты байлығымыз – бәсекеге қабілетті, үздік білімді, рухани жан дүниесі таза, Отанын шексіз сүйетін интеллектуал тұлғалардан тұратын адам капиталы. Қазіргі уақыт Елбасымыз көрсеткендей «Адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындыру заманы». 90 жылдық тарихы бар Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің ұжымы осындай заманға лайық ұрпақ тәрбиелеу жолында алдағы уақытта да еңбек ете бермек.



тарихында есімдері алтын әріптермен жазылғандар.

Сонау 1934 жылы құрылған мектеп жанындағы интернат 1986 жылға дейін ауданымыздың түкпір – түкпірінен келген ауыл балаларын қамқор құшағына алып, білім – тәрбие алуына жағдай жасады. Осы интернатты әр жылдары басқарған директорлардың да атын бүгін атап айту абзал. Олар: Плотниченко, Лимарь, Алеша Доспанбетов, Омар Ибрагимов, Әбдікерім Кичиков, Асын Якупов, Мамут Айтахунов, Сейіт Жылқыбаев, Тұрсын Самсақов, Әділхан Болатбеков, Жұмагүл Оңалбаева,

металлург Дауытов, педагогика ғылымының докторы, профессор Ахмет Полатов, Ұлықбек Ибрагимов, ауыл шаруашылық ғылымының докторлары Ярмұхамет Мансуров, Асыл Керімбеков, жазушы Тұрсын Әлпейісов, медицина ғылымының кандидаты Мұрат Мұхаметжанов, ішкі істер полковнигі Серік Ақсубаев, медицина ғылымының кандидаты Гүлмира Отынбекова, Қазақстан Республикасы композиторлар одағының мүшесі, атакты сазгер Мақсат Жәутіков, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Құдайберген Ағымов, медицина ғылымының кандидаты Ибраимов



Раушан БАЯКЕЕВА,
Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің директоры.
Жаркент қаласы.

(Басы 1-бетте)

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН ҚАРАМЕНДІ БИ


Осы ретте Қараменді бидің әділдігі мен сөзге шешен болғаны да тарихи жазбаларда айтылады. Мәселен, шежірелік жыр-аңыздарда: «...Мұраттың екінші ұлы – Қараменді (Қараменді – Д.С.), Тосқауыл сөз қалмайды кемеңгерге», – деген жыр жолдары айтылса, Матан Сімәділұлы Жетісудың игі жақсыларын сөз ете келіп, «солардың қатарында от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жарған Қараменде биді айтуға болады», – деп жазады. Тағы бірде, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманын сипаттай келіп, «еніреген елінің бел баласы, көсіліп кетсе көсем, шешіліп кетсе шешен...», – дегенді айтады. Қараменде баба Суан руының алғашқы биі атанған деген пікір айтылады жазба әдебиетінде [Смәділұлы Матан. Суаннан шыққан сегіз би: Шежіре. – Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. -144 б.].

Осы ретте, ең алдымен, өкінішке қарай аңыз әңгімелерден, ауызша деректерден басқа ресми тарихи деректерде осы Қараменді би жөнінде мәліметтердің жоқтың қасы болуы. Сол себепті біз алдымен жазба деректерде сирек кездесетін Қараменді және Қараменде деген адам есімдерінің бір мезгілде қосарлана қолданған фактілерге негізделе отырып олардың кімдер, қандай тұлғалар болғаны, олардың бір өңір аумағында жер-су, елді мекен атауларында қосарланып айтылу себептерін анықтауға алғаш рет қадам жасап отырмыз.

Тарихи жазба әдебиеттерде кездесетін **Қараменді, Қараменде** адам есімдеріне қатысты деректерге талдау жасауды жөн санадық. Мұндағы көзделетін мақсат – біздің бабабыз болып есептелетін Суан руының Қараменді биінің есіміне қатысты мәліметтің тарихи шындығын анықтау. Энциклопедиялық мәліметтер бойынша, тарихта **екі Қараменді** және **екі Қараменде** болғаны айтылады:

Біріншісінде, Қараменде, Қараменді деген есімдер өзен атауымен байланыстырылады. Мәселен, Қазақ Совет энциклопедиясының 6 томында **Қараменде** сөзі жеке алынып: «Қараменде – Жезқазған облысының Ақтоғай ауданындағы өзен. Солтүстік Балқаш алабында», – деп көрсетіледі. Қалған мәліметтері кейінгі энциклопедиядағы мәліметтермен бірдей. Аталған энциклопедияда «Қараменде» сөзі тек бір ғана жерде қолданылады. Онда «**Қараменді**» деген сөз қолданылмайды. Ал Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 5 томында Қараменде, **Қараменді** сөздері қосарлана айтылып: «Қараменде, **Қараменді** – Солтүстік Балқаш алабындағы өзен. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы жерімен ағады. Бастауын Қиматас тауының оңтүстігіндегі бұлақтардан алып, Қарақұл ауылы тұсында Тоқырауынға құяды. Арнасы кең, ағыны баяу. Көктемде су деңгейі көтеріледі. Алабы шабындық. Егін суғаруға пайдаланылады», – деп жазылған. Алайда, бұл өзенге осы атау кімнің атымен, қалай, қай уақытта, қай дәуірде берілгені энциклопедияда айтылмаған.

Екіншісінде, Қараменде, Қараменді сөзі қосарлана аталып, олар ауыл атауымен байланыстырылады. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 5 томында: «Қараменде, Қараменді – **Қостанай** облысының Наурызым ауданындағы ауыл, аудан (1965 жылдан) және ауылдық әкімшілік округ орталығы», – деп келтіріледі. Бірақ, бұл ауылға осы атау қандай кісінің атымен, қалай, қай уақытта,



қай дәуірде берілгені энциклопедияда айтылмаған. 2005 жылы шығарылған «Қазақстан. Ықшам энциклопедиялық сөздікте» де Қараменде, **Қараменді** сөзі қосарлана айтылып, олар сол ауыл атауымен байланыстырылады. Мұнда алдыңғы мәлімет: «...Тұрғыны 4,4 мың адам (2003). Іргесі 1914 қаланған. 1940 жылға дейін Қ., 1941-96 ж. Докучаевка аталды», – деген ақпарат толықтырылған.

Тарихи жазба әдебиеттерде кездесетін Қараменді, Қараменде адам есімдеріне қатысты деректерге талдау жасауды жөн санадық. Мұндағы көзделетін мақсат – біздің бабабыз болып есептелетін Суан руының Қараменді биінің есіміне қатысты мәліметтің тарихи шындығын анықтау. Энциклопедиялық мәліметтер бойынша, тарихта екі Қараменді және екі Қараменде болғаны айтылады.

Өкінішке қарай, бұл мәліметтерде де сол елді мекендерге осы атау кімнің атымен, қалай, қай уақытта, қай дәуірде берілгені туралы энциклопедияларда нақты ақпарат берілмейді.

Үшіншісінде, Қараменде Шоқаулы Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 5 томында және Қазақстан тарихы энциклопедиясында: «Қараменде Шоқаулы (1720-1818) – би, шешен. Тобықты руының төбе биі болған. Өзінің шешендік тапқырлығы, әділ билігімен ел құрметіне бөленген. Қараменді

Абайдың әкесі Құнанбай өзіне ұстаз тұтқан. Қараменде қазіргі Жезқазған обл. Ақтоғай ауданы жеріндегі «Жұмбақ кара» деген таудың етегіне жерленген», – деп көрсетіледі. Мұндағы Қараменде Шоқаулы туралы мағлұмат халық жадына сіңген саяси-әлеуметтік тарихи тұлға екеніне талас жоқ. Бұл кісінің өмір сүрген тарихи уақыты мен кеңістігі мәліметте нақты айтылған, оған қосып-аларымыз болмайды. Алайда, көрсетілген даталарға қарағанда бұл Қараменде би Шақаулы біздің Суан Қараменді Мұратұлы бабамыздан кейін, яғни 28 жас кіші болғаны зайыр.

Төртіншісінде, Қараменде Сейітқали Ыдырысұлы. Ол кісі Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 5 томында: «Қараменде Сейітқали Ыдырысұлы (10.1.1913, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Өйтеу ауылы. – 10.6.1997, Алматы) – қазақ ауыз әдебиетін жинаушы» деп жазылған. Бұл адам да біздің зерттеу нысаны болып отырған тұлғадан төрт ғасыр кейін өмір сүрген болып отыр.

Жоғарыда аталған алғашқы екі мәліметтердегі адам есімдерінің қосарланып аталуы мен олардың өзен және ауыл атауларымен байланыстырылған деректерден екі түрлі мәселенің басын

ашуға тура келеді. Біріншісі, Қараменде және Қараменді есімдерге қатысты, екіншісі, олардың қосарлана аталып, жер-су атауларына байланысты топонимдік мәселеде бой көрсетуі.

Бірінші мәселеге келетін болсақ, аталмыш классикалық энциклопедиялық жазба құжаттарда Қараменде және **Қараменді** сияқты есімдердің қатар аталуы олардың қазақ тарихында өз орындары болған, әлеуметтік-саяси қызмет атқарған жеке тарихи тұлғаларды айтып тұрғаны анық. Сондағы Қараменде есімі жоғарыдағы үшінші деректе келтірілген Тобықты руының төбе биі болған Қараменде Шақаулы болатыны сол өңірдің тарихи құжаттарында айтылатын айтулы саяси-әлеуметтік тұлға болғанын тарих біледі әрі ол бүгінге дейін мәлім, халық жадында. Ал **Қараменді (Қараменді – Д.С.)** атты кісінің ата-тегі, ру-тайпасы жоғарыда аталған жазба деректерде, тіпті энциклопедиялық мәліметтерде айтылмай да, жазылмай да қалған. Өте қызықты, есімі аталады, алайда оның кім екені, неге ол есім алдыңғымен қосарлана аталып тұрғаны туралы тіс жармайды. Бұл да ақпараттық феномен болып отырғаны шындық. Өйткені, мұндай үнсіздік тек Кеңес дәуіріндегі дерек көзінде ғана емес, тіпті



Тәуелсіз Қазақстан кезіндегі Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында және 2019-2020 жылдары жарық көрген ресми деректерде де қайталанатын. Біз мұнда ешкімді кінәлі дей алмаймыз, алайда бұған басты себеп отандық іргелі зерттеулердегі әлі де болса «бабан» кезең деп ойлаймыз.

Енді сол деректерде тек аталып қана қалған Қараменді атты тарихи тұлғаның есімдік атауына тереңірек зерттемелік тұрғыдан тоқталуды жөн санаймыз. Бұл Жетісу өңірінің перзенті Суан руының өкілі біздің **Қараменді би** бабамыз туралы танымдық-тағылымдық талдау болмақ. Осы ретте, осы есім жөніндегі тарихи деректерге көз жіберсек, нақты ресми деректі мәліметтерге қанық боламыз. Бұл жерде, алдын ала айта кететін бір нәрсе – ол Қараменді баба шежіресінде Қараменді руын – «ой қараменділері» және «тау қараменділері» деп екіге бөледі. Ол тек тұрған аумағына ғана байланысты болған шартты бөлініс. Ал генетикалық тұрғыда екеуі де сол бір Қараменді бабаның ұрпағы болып есептеледі. Мұндай тарихи территориялық шартты бөліну жалпы қазақ тарихында бар құбылыс екені белгілі. Мәселен, XX ғасыр зерттеуші тарихшысы П.П.Румянцевтің дерегіне зер салатын болсақ, ол Жаркент уезінің Суандарын қауымдастыққа бөле отырып, №4 қауымдастықтың басын біріктірген ру басын – **«Қараменді»**, яғни **Қараменді** деп көрсетеді. Олардың қыстауы – «Қызылжиде Сарпылдак», ал жайлауы – «Қара-Мұрын және Бес-Мойнак» [Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землевладения в Семиреченской области. Том III. Дажеркентский уезд. – С-Петербург, 1912. -809 стр. (180 б.)], – деп жазады. Бұл шежіре бойынша ой қараменділерінің локациясы. П.П.Румянцев тағыда Суанның ішіндегі Тоқарыстан болысы жөнінде сөз қозғай отырып, өз кітабында, №8 қауымдастықтың басын біріктірген ру басын да – **«Қараменді»**, яғни **Қараменді** деп көрсетеді. Олардың қыстауы мен тұрған жерінің жалпы атауын – Қу деп белгілейді. Көктеуі мен күзеуі ретінде сол қыстаудың жақын маңын, ал шабындығын – Теріскен-төбе дейді. Жайлауы – Қара-Мұрын, өзендері ретінде – Тас-тоғанды атайды. Бұл тау

Осы ретте, ендігі бір баса назар аударатын түбірлі маңызды мәселе – ол **Қараменді** деп қойылған адам есімінің жазба деректерде «Қараменде, Қараменді» болып жазылып кету дәстүрінің себебін анықтап көрелік. Біздің пікірімізше, бұл дәстүрдің қалыптасуына басты себеп, ол тұлғалар және олардың есімдер туралы деректердің түп нұсқасы араб әріпімен жазылған төте жазудағы қолжазбалардан алынуы деп айтуға негіз бар. Белгілі ғалым, шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ислам Жеменейдің айтуынша, араб графикасында «ң» және «ы-і» дыбыстарының таңбалары болмаған. Олай болса Қараменді есіміндегі «ң»-ның орнына «н», «і» әріпінің орнына кейде «е» таңбаларының қолданылуы фонетикалық және транскрипциялы ауытқулардан қалыптасқан құбылыс деуге болады.

Енді екінші, олардың қосарлана аталып, жер-су атауларына қатысты

Енді сол деректерде тек аталып қана қалған Қараменді атты тарихи тұлғаның есімдік атауына тереңірек зерттемелік тұрғыдан тоқталуды жөн санаймыз. Бұл Жетісу өңірінің перзенті Суан руының өкілі біздің Қараменді би бабамыз туралы танымдық-тағылымдық талдау болмақ. Осы ретте, осы есім жөніндегі тарихи деректерге көз жіберсек, нақты ресми деректі мәліметтерге қанық боламыз.

топонимдік мәселеге келеміз. Алдымен, жоғарыдағы энциклопедияларда Қараменде, Қараменді атты адам есімдерінің сол өңірде қатар аталуы



атауына қатысты аттар да қойылған. Мәселен, ақша руының XIX-ғасырда Тарбақатай тауында болғандығын тарихшы Румянцев те жазады», – деп жоғарыдағы айтылғанды растай түседі.

Қолжазба қорларындағы деректерде: «...Қараменде (бұл жерде Тобықты руының Қараменде Шақаұлы жайында болып отыр – Д.С.) бастаған дадан тобықты көшіп келгенше, Ұлы жүз үйсіннің қонысы болған Балқаштың бойы енді дадан тобықтының қонысы болған», – деген ақпар жазылған. Бұл деректен байқайтынымыз, біріншіден, Балқаш өңірінде әрі Қараменді, әрі Қараменде елінің әр тарихи уақытта мекендегенін байқайтын болсақ, екіншіден бұл аумақта алдымен Суан руының Қараменді тайпасының орын тепкені анық айтылады. Бұл бұлтартпайтын тарихи деректік дәлел деуге негіз бар.

Осы ойды топонимдік заңдылыққа сүйенетін көзқарастармен де негіздеуге болады. Мәселен, Қазақ Совет энциклопедиясында: «Топонимика (грек. topos – орын, жер және onoma – атау) – география, тарих және тіл білімі ғылымдарының түйіспесінде дамып келе жатқан қана ғылым. Топонимика – географиялық атаулардың немесе жер-су аттарының шығуын (этимологиясын), дамуын, қазіргі жағдайын, мағынасын, грамматикалық, фонетикалық формасын, жазылуын және екінші бір тілде берілуін зерттейді» дей келіп, «Топонимикалық атаулардың ең негізгі қасиеті – олардың тұрақтылығы, сол үшін де мұндай атаулар адамзат тарихы, мәдениеті және тілі жөнінде көне де ғылыми мәліметтер береді. Мысалы, географиялық атаулардың құрамын зерттей отырып, сол аймақта ықпалы заманда қандай тайпалар, халықтар мекендегенін анықтауға болады», – деп көрсетіледі. Ал Тәуелсіз Қазақстанның төл мәліметіне зер салсақ, Ұлттық энциклопедияның 8 томында: «Мысалы, географиялық атаулардың құрамын зерттеу сол аймақты ежелгі заманда қандай тайпалар, халықтар мекендегенін анықтауға, олардың өткен тарихының ерекшелігін

қалпына келтіруге, тараған жерінің шекарасын белгілеуге, орын ауыстыру бағытын шамалауға, бұрынғы мәдени және экономикалық орталықтарын, сауда жолдарын, т.б. білуге болады. Осы мағынада топонимдер (жер-су, елді мекен, халықтар аттары) тарих, этнология, археология және тіл білімінде нақты материал береді», – деген мәлімет жазылған. Бұл келтірілген ғылыми тұжырымдар зерттеу нысанымыз бойынша біздің де нақты ғылыми ой қорытуымызға негіз болатыны анық. Демек, жоғарыдағы деректерде Қараменде мен Қараменді адам есімдерінің бір өңір аумағында қатар аталуында тарихи шындықтың болуы зайыр. Ондағы Қараменде деген адам есімі – ол жерде кейіннен орын тепкен Тобықты руының өкілі Қараменде бидің елі болатыны анық. Ал Қараменді деген есіммен берілген адам есімі – ол алдыңғы рудан бұрын сол өңірді мекендеген Үйсін, оның ішінде Суан руының ұрпағы Қараменді елінің де тарихи тұрағы болғаны шындыққа жанасатын болғаны деген тарихи-ғылыми тұжырым жасауға негіз туады. Ал мына бір «Бабалар сөзі» жүз томдығындағы «Шежірелік дастандарда» айтылған:

Тегін кім, ата-бабаң қайдан келді,
Ат қойып мекендеді қандай жерді?

Тарихты халық жасап, халық жазбақ,
Мен-дағы үмітпенен будым белді.

Тарихшыл шежіре шал талай өткен,

Фактімен сөз қалдырып беріп кеткен,
– деген өлең жолдары соның дәлелі болмақ. Қорыта айтқанда біз бұл мақалада Қараменді бабаның есімінің аталу әрі жазылу графикасына байланысты және сол есіммен аталған жер-су, елді мекен атауларының топонимикалық астарына тоқталдық. Осыларға байланысты тарихи құпияны ашуға қадам жасадық. Алайда, бұл соңғы аксиомалық шешім деп айтудан аулақпыз. Қандайда бір соны пікірлерге, көзқарастарға есік ашық.

Дәулетбек РАЕВ,

*Философия ғылымдарының докторы,
Алматы қаласы.*



қараменділері болса керек. Байқасақ, екеуінің тоғысатын орны жайлауы. Бұдан біздің бабамыздың азан шақырып қойылған аты, шын мәнінде – **Қараменді** болғаны анық болып тұр. Оны шежірелік жыр-аңыздарда айтылған: «...Мұраттың екінші ұлы – Қараменді (Қараменді), тосқауыл сөз қалмайды кемеңгерге. Дейді екен: Жапал (Жайыл болса керек – Д.С.), Тана, Мүлік, Тілеу, төрт ұл бар бұл кісінің көлемінде» [Бабалар сөзі: Жүз томдық. –Астана: «Фолиант», 2012. Т.82: Шежірелік жыр-аңыздар. -432 б. (325 б.)], – деген жолдармен нақты айғақтауға болады. Сонда ол – Қараменді Мұратұлы болып шығады.

олардың сол аумақта әр тарихи кезеңдерде болғандығын, нақтырақ айтқанда сол жерлерді қоныстанғанының шындығынан белгі берсе керек. Суан ата туралы мәліметтер бойынша, Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясының 8 томында Суан ата туралы: «Тарихшы П.П.Румянцев 18-19 ғ-ларда С. (Суан – Д.С.) тайпасының біразы Тарбақатай, Барлық бойын мекендегенін айтады. Ол арада қазірге дейін Суан бейігі сақталған», – деген мәлімет жазылған. Ал Бексұлтан Нұржекеұлы Суан руларының Тарбақатай өңірінде болғаны жөніндегі көзқарасын: «...Тарбақатай төңірегінде болыппыз дегенді көбі растайды. Кейбір рудың жекелеген ұрпағына сол өңірдің

Автор туралы мәлімет:

Раев Дәулетбек Садуақасұлы Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пенжім ауылдық округындағы Ават ауылының тумасы. 1976 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің философия және экономика факультетіне оқуға түсіп, 1981 жылы аталмыш факультетті Философия мамандығы бойынша тәмамдаған. 1981 жылдан бүгінге дейін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде кафедра меңгерушісі, Халықаралық қатынастар факультетінің деканы қызметтерін атқарған. Әлеуметтік философия саласы бойынша «Қазақ шешендік өнері философиясы» тақырыбында 2003 жылы докторлық диссертация қорғады. Ғылыми дәрежесі: Философия ғылымдарының докторы, профессор. Қазір Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Жоғары оқу орнынан кейінгі факультеті кафедрасының профессоры қызметін атқаруда.



ФАШИСТЕРДЕН ҚҰТҚАРҒАН ДОМБЫРА

Рүстембек Омаров 5-6 жастан домбыраға үйір болыпты. Әкесі Бейсен күй шертетін, ән салатын, сол баласына үлкен әсер етті. Өсе келе, жасөспірім шағында қолы домбырада тым жүйріктігімен көзге түскен. Соны естіген ұлы Ахан – Ахмет Жұбанов оны Павлодар жағынан әдейі алдырып, жаңадан құрылып жатқан оркестріне қосады. Сонда ол тек қана он бес жаста еді. Үш-төрт жылдан кейін оның музыкалық сауатын дамыту үшін Ленинград музыкалық училищесіне түсіреді. Училищені бітіріп шақта сұрапыл соғыс басталып, майдан даласынан бір-ақ шығады. Немістердің бастапқыда ентелеп, ілгері өршіп келе жатқан кезі. Қызыл Армия шегініп келеді. Сол шегіністің кезінде Рүстембектің ротасы қоршауда қалған. Жакып қасына түскен бомбадан ес-түссіз қалып, біраздан кейін көзін ашса, «Хенде хох!» деп тұрған немісті көріп, тағдырының талқыға түскенін сезіп, қапаланды. «Құдай-ай, жар бола көр!» деп мұнайды. Істерге амал жоқ, фрицтің алдына түсіп кете барды.

Рүстембек бір күні концлагерьдің бір бұрышындағы коқыстардың ішінен домбыраның шанағына ұқсайтын бір домалақты көріп қалды. Жүгіріп барып әлгіні қолына алып еді, құдды шанаққа ұқсайды, қуанып кетті. Концлагерьде қатаң бақылауда жұмыс істейтін ағаш шеберханасы бар еді, сондағы мұңдас тағдырластарымен келісіп, домбыраға сап жасатып алды. Әлгі шанаққа ұқсас домалақты да сүргілетіп, жондырып, нағыз домбыра түріне келтірді. Оған желіммен сапты жалғатып еді, о, құдырет, қазақтың кәдімгі қасиетті де кастерлі аспабы шыға келді! Енді ішек керек. Құдай оңдап, оның да сәті түсті. Сыртпен байланысы барлардан жалын-жалпайып, қармақтың жібі – белгілі өлшемді леска алдырды. Қуанышында шек жоқ, домбыраның пернелерін байлап, қос ішекті тағып, тиектерін қойып, бұрауын түсірді. Көптен бері сағынып, аңсап жүрген арманы қолына түскендей қуанғаннан көзіне жас қорғалады. Сөйтті де, домбырасын шалып-шалып жіберіп еді, еңсені басып тұрған қайғы-мұң қақ айырылып, күмбірлеп қоя берді. Айналасындағы тұтқындар селт етіп бұған қарай қалды. Олардың жүздерінде таңданумен қатар бір үміт ұшқыны жылт етті. Ұлы Даланың үнін сағынған салалы саусақтар сайрай жөнелді, пай-пай! Құрманғазының «Адайы» арқырап кетті. Қазақ бағырлары ентелеп, осы лагерьдің тас қамалын бұзып, тікенді құрсауын үзіп, атой салып кіріп жатқандай. Мына атаңа нәлет қасіретті қапасты күй жаңғыртып, бір жылы леп соққандай. Байғұс тұтқындар, түрлі ұлттардың өкілдері қорқа соғып, жан-жақтарына жалактаса да, кенеттен көрінген музыкантқа қошеметі, ілтпапы керемет. Мына бұғауға түскелі музыка атаулыдан мақұрым қалған қасқалар қазір бір жасап қалды.

Өйбуй, содан кейін-ақ неміс, полицейлардың күндегі үйреншікті ойраны басталды. Тұтқындарды ұрып-соғып, тепкілеп, қуып жатыр. Рүстембекке жетіп келіп:

– Ә-ә! Бәрін бастап тұрған сен екен ғой! Мә, саған! – деп дүренің астына алды. Ол әйтеуір домбырам аман болсын деп, бауырына қысып, оны көлегейлей берді. Сол кезде түрменің комендантынан «маған алып келіндер!» деген бұйрық жетті. Делектетіп соған апарды. Дәу фашист отыр екен. Жан-жағында жиырма шақты фриц.

– Ти ктө-ө?

– Я казах.

– Не русски, знэчит. Чө ти делал?

– Я играл музыку.

– А-а, нока, игрэй ечө.

Рүстембек домбырасының бұрауын түзетті де, не тартам деп ойланды. Ленинград училищесінде талай классикалық шығармалардан хабары бар ол «Огинскийдің полонезін» бастап кетті. Отанды сағынудың шедеві. Немістердің көздері атыздай болды.



Бастарын шайқап бір-біріне қарайды.

– Вот это дэ-э!
– Хэрөший мөзикантен!
– Дэвэй, ичо-ичо – тағы да деп сұрап жатыр. Ол енді неміс мелодияларынан, композиторларынан фрагмент үзінділерді сылқытты. (Не орындағанын кім білсін?) Немістер таңданғаннан талуға айналған. Содан кейін талантты өрекіп, делебесі қозған Рүстембек Құрманғазының «Сарыарқасын» салып қоя берді! Сахараның сарқыраған дүлей сазы сатырай жөнелгенде немістер орындарынан ұшып тұрғандарын өздері байқамады. Оларды күй сикыры билеп, жауыздықтарын ұмыттырып, тылсым әруақтың арбауына тап болғандай.

– Уф! Ти Рюстимбек Умэрөфф хэрөши мөзикантен!

Бұларды естерінен тандырып, шынымен тәубеге келтірейін деп күйші Моцарттың «Түрік маршы» дөңгелетіп жіберіп еді, фрицтер мәңгіріп қалды.

Әлгінде таяқ жегенде беті домбығып, қабағы қанталап кеткен еді. Соны байқаған комендант оны ертіп келген екі-үш полицейға айғай салды:

– Осындай адамды сабап жүрсіндер ме, иттер! Екіншілей саусақтарыңды тигізбендер! – деп оларды қуып шықты.

Енді фрицтер домбыраға көз салды.

– Кәкөй инструментом?! Цвай струн (екі ішек дегендері) Ух, кәкөй звук! Эткүдэ өн? Ктө делал?

Рүстембек өзі жасап алғанын түсіндірді. Осыдан кейін-ақ оның бағы ашылғандай болды. Қағып-соғып сабаудан құтылды. Осында бірге түскен, келгелі бірге жүріп, бірге жатқан Жакып деген досы бар еді. Сол «саған қару ұстаушы (оруженосец) болайыншы» деп, домбырасын ұстап, қасынан қалмайтын болды.

Енді бұларды қит етсе шақырады. Өздерінің бір отырыстарында, жиындарында күй тартқызады. Кейде үлкен басшылары келіп, олар да тындап, «о-о!» десіп әсерленіп кететін.

Немістердің көбісі, ішінде бір-сараны болмаса, құлақтарын аю басқан, музыкаға жоқ мылқаулар. Сезімдері өлген, зорлық-зомбылық, ұрыс-шабыс қатыгездік, қараулыққа үйренген топастар. Бірақ, құдайдың құдіреті, бұл әулекілерді домбыра иліктерді. Ертедегі аңызда айтылғандай, емшегі шерменде шандыр болып қатып қалған нар маыны идірген бұл домбыра тағы қасиетін көрсетті! Агрессор айуандардың тас бауырын жібітті. Рүстембек пен домбырасының жауларға ұнағаны сондай, олар күйшіге бостандық берді! Домбыраның осындай құдіретінің мысалдары көп. Мәселен, түрікмендер мен адайлар жерге таласып, дұрдараз болып жүргенде Абыл күйшіні (жайына жүрген) тұтқындап алады. Ол өзінің «Абыл» күйін тартқаннан кейін оны сыйлап, қонақ етіп, босатып жіберген. Ал Жошы хан Кербұға күйшіні «баламның өлген

хабарын домбырамен айтты» деп үңгірдегі айдаһарға апарып тастатады. Сонда Кербұға көкелеп, жалбарыну күйін («Айдаһармен арбасу») тартқанда оны жұтпақ түгілі, күйге рахаттанып, тіпті ат басындай алтын сыйлап, қоя береді. Пай, шіркін, бұл домбыра замандарда қандай болған десензіші!

Енді, міне, Рүстембек концлагерьден шығатын болды. Ол немістерге: «Жалғыз өзім қалай жүрем, жан досым Жакыпқа да бостандық беріндер», – деп жалынады. Оны да босатады.

Олар құтылды деп қуанғанмен алдарында, НКВД күтіп тұр еді:

– Ә-ә, предательдер, пленниктер, жетіндер ме?! Қош келдіңіздер! – деп екеуін кісендеп, түрмеге тоғытып кеп жіберді.

Жакып байғұс зар еңіреп жылады.

– Қимас досым Рүстембекім-ау! Сенің арқанда фашистерден құтылып едім, енді мына қасқыр-иттерге тұтылдым-ау! Қоршауда қалып, тұтқынға түстік, онда тұрған не бар, – деп еңіреп, итжеккенге кете барды.

Рүстембек барлық жағдайын сүйікті ағасы Ахмет Жұбановқа айтып үлгерді. Ол шыбындай жаны шырықпап, араға түсті, ақтап алуға тырысты. Бармаған жері жоқ, көрмеген ері жоқ, ешқайсысы да селт етпеді. Ақырында ол сол кездегі Қазақстанның Орталық партия Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке барды. Бәрін түсіндіріп айтты, Рүстембектің конфузия болып, пленге түскенін, сонда өзі домбыра жасап алғанын, күйлерімен немістерді таңғалдырып, босап шыққанын айтып берді. Жұмекең жайрандап «Ой, қандай тамаша!», – деді де, НКВД басшысын шақыртты. Мипаздап жай сөйлейтін хатшы оған:

– Сіз домбыраға қалай қарайсыз? – деп сұрақ қойды.

Орган басшысы:

– Өте жақсы қараймын, – деп жауап берді, оны неге сұрап тұрғанын түсінбей.

– Менің соған күмәнім бар. Сіз қазақтың домбырасын сыйламайды екенсіз.

Комитет басшысы сасып қалды.

– Үйбәй, о не дегеніңіз, Жұмеке? Мен домбыраны өте жақсы көремін.

– Онда домбырасын, өнерін сыйлап, тіпті немістер пленнен босатып жіберген Рүстембек Омаровты неге қорлап отырсыз? Сол жау фашистер құрлы болмағаныңыз ба?! Домбырашы халықтың адамы, ол өнерімен немісті де жеңіп келді. Ал сіз оны сыйлаудың орнына жазалап отырсыз, осы дұрыстыққа жата ма?! Немістердің түйсінгенді түйсік жоқ па, сіздерде?! – деп нық сөйледі.

Жазалау басшысы құлағына дейін қызарып кетті.

– Ой, жолдас хатшы, кешіріңіз. Біздің жігіттерден бір білместік кеткен екен. Ол домбырашыны енді еш мазаламаймыз, – деп, қолын көтеріп, бәйек болды.

Міне, осылайша асыл ағасы Рүстембекті «тұзақты төрт әріптің» қармағынан

құтқарып алды. Енді алдынан ақ күн тугандай еді. Консерваторияны оқып бітірді. Халық аспаптар оркестріне жеке солист және концертмейстер болды.

Оркестр ел-елді, қалаларды аралап, концерттер береді. Содан бір күні, апыр-ай, қай қала екенін әңгіме айтушы есіне түсіре алмайды, Шымкент пе, әлде Қарағанды ма, біреуінде концертті төнеп жатыр. Кезегінде Рүстембек жеке күй тартады деп хабарланды.

– Динаның күйі «Бұлбұл»!

О, ғаламат, форточкіден бе, әлде басқа тесіктен бе, осында сандуғаш кіріп кетіп, сайрай жөнелгендей. Жұрттың риза қошеметінде сөз жоқ. Шапалақтар шартылдап, залды жарып жібере жаздады.

– Екінші күй – «Ақсақ құлан»!

Дұлдул күйші домбырасын дүңгірлете жөнелді. Осы кезде тыңдаушылар тыныштығын бұзып, жылаған дыбыс естілді. Залдың қақ ортасында бір егде тартқан кісі солқылдап, көз жасын ағызып отыр. Жұрт аң-таң. Мұнысы несі? Концерт өте қызық, көңілді өтіп жатыр. Бұл неге жылайды? Күй аяқтала бергенде ол орнынан ұшып тұрды да, сахнаға қарай жүгірді. Рүстембекті бас салып, құшақтап, аңырап боздамасын ба?! Бұл тұтқында бірге болып, бірге шыққан жан жолдасы Жакып еді. Ұстаудан шыққан шағы екен. Екеуі сезімдерін баса алмай, аймаласып, дүзтпен жылады. Жакып өксігін баса алмай, өңкілдеп тұрып былай деді:

– Уа, халайық, жамағат! Кешіріңіздер! Біз Рүстембек екеуіміз өткен соғыста тұтқында болғанбыз. Содан құтқарған мына қасиетті домбыра және оның иесі – құдіретті күйші мына Рүстембек! Бұл – үлкен тарих!

Халық аһ ұрып, орындарынан ду көтерілді, сахнаға қарай лап қойды. Екеуін қоршап, қолдары жеткендері құшып сүйіп жатыр, кезекпен келіп аймалап жатыр.

Соның арасында Жакып жұрттан сәл тыныштық сұрады да, былай деді:

– Мен концлагерьде жүргенде Рүстембектің домбыра ұстаушысы, яғни «оруженосеці» болғанмын, – деді де, Рүстембектің домбырасын алып, қос қолдап аспапқа көтеріп, дауыстады:

– Ұлтымыздың баға жетпес бір құндылығы домбыраға сөз жоқ! Жасасын домбыра! Жасасын!

Бүкіл жұртшылық әуірімдеп қосап жатыр.

Әрине, біз де қостаймыз, қостаймыз да қоштаймыз:

Халық айтса – қол ұра,
Жасасын осы Домбыра!
Жасайды бұл мол мұра,
Рүстембектей көп жүйрік
Ұстаған нық қолына!
Мәңгіліктің жолында!

Сержан ШАКРАТ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.
anatili.kazgazeta.kz



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №9126

